

S00027 14.12.2020

Балабақшада бала тілін дамытудың маңызы

ЕСЕНГАЛИЕВА ЖАЙНАГУЛЬ САПАЕВНА

Ақтөбе қаласы "Жеті АЮ" балабақшасының меңгеруші

Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілдік мәдениетін тәрбиелеу.
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұны мен ойын дұрыс жеткізуге икемделеді. Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі. Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады. Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді топтап алу.
6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

Оқу жылының басында өз тобымда тілдері з, р, с, ш дыбыстарын айта алмайтын балаларға дыбыстарды дұрыс айтқызу мақсатында ойын - жаттығулар, тақпақтарды айтқызып үйреттім. Мысалы: «З» дыбысын бекіту мақсатында А. Райымқұлованың «ауыл маңында» өлеңін айтқызуға болады.

Ауыл маңы саз, саз - саз,

Жайылады қаз, қаз - қаз.

Тоймай қалса қаз, қаз - қаз,

Шашқан дәнің аз, аз - аз.

Дыбыстарды меңгерту барысында ассоциация әдісін қолданамын.

Мысалы: «Қ» дыбысын бекіту мақсатында

Қ – қарға, қолғап, қасқыр, қой, қарындаш

Ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып келе жатқан ертегілер, мақал - мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаш бала тілін дамытуда шешуші орын алады. Тобымдағы балаларға ертегілерді ең алдымен ауызша айтып беремін. Сонан соң айтылған ертегінің мазмұнын толық қабылдау және тіл байлықтарын арттыру мақсатымен сахналап рольдерге бөліп ойнатамын. Мысалы: «Бауырсақ» «Шалқан» «Мақта қыз бен мысық» «Алдар көсе мен тоңғақ бай» «Күз түсті» ертегілері.

Түрлі ойын - жаттығулардың бала тіліне тигізер ықпалы мол.

Ертегілерден басқа көркем әдеби шығармаларды балаларға оқып беріп, олардан әңгіменің мазмұнын сұраймын. Мысалы: «Екі дос пен қайыршы қария» әңгімесін оқып беріп, әңгіменің мазмұнын сұрау арқылы Венн диаграмма әдісін қолданып, балаларға Алдан мен Сауранның мінезін салыстырамын.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы мақал - мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақты мақал - мәтелдері негізінен елдікті, ынтымақты, бірлікті, адамгершілікті, инабаттылықты қамтиды.

Сондықтан, мен «Менің Қазақстаным» «Отбасы» «Менің ауылым» тақырыптарын өткенде:

- Туған жер – алтын бесік

- Өз үйім - өлең төсегім

- Отан – оттан да ыстық

Батырлық, ерлік туралы:

- Жауынмен жер көгереді, батамен ел көгереді

- Ер - елдің көркі, өсімдік жердің көркі

Білім туралы:

- Қына тасқа, білім басқа бітеді

- Көп сөйлеген білімді емес, көп білген білімді – деген мақал - мәтелдерді пайдаланамын.

Бала тілінің дамуына жұмбақтар үлкен роль атқарады. Әр оқу іс - әрекетінің тақырыбына сәйкес жұмбақ айтудан бастаймын.

- Кешкісін маздап жанады, таң атса сөніп қалады (Жұлдыз)
- Қырманнан көрдім, ырыздығы елдің (Дән)
- Басында аппақ шәлі, етегі елдің сәні (Тау)

Халықтық шығармалар ішінде баланы дұрыс, айқын сөйлеуге үйрететін, тілін жаттықтыруға бейімді жанр – жаңылтпаш. Жаңылтпаш арқылы сөздерді дұрыс сөйлеуге, жеке дыбыстарды алмастырмай дұрыс айтуға үйретеді.

- Көк кесе, көп кесе, Көп кесені әкелді кеше

Қорыта айтқанда балалардың ана тіліндегі дыбыстарды анық айтып, дұрыс сөйлей білуге балабақшада берілер тәрбиенің ықпалы зор.

Қазіргі заман талабына сай оқу - тәрбие үрдісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздермен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет деп есептеймін. Жоғарыда айтылған мүмкіндіктерге сай балалардың сөйлеу қабілеттерін тереңдетіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуда айтқан әңгімесіне, өзі құрастырған қысқа әңгімелеріне бағыт - бағдар бере отырып, тіл байлығын, сөздік қорын дамытуды басты назарда ұстау керек деп ойлаймын.

S00028 14.12.2020

Жаңартылған білім беруде қашықтықтан оқуды ұйымдастыру

ШУЛЬКЕНОВА АЛМАГУЛЬ КАИРБЕКОВНА

Павлодар облысы Ақтоғай ауданы Жаңатап ауылы

Жаңатап бастауыш мектебінің директоры

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құру және коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу болып табылады десек, оларды жүзеге асырудың бір жолы – оқыту процесінде топтық оқытуды қолдану болып табылады.

Жаңа қоғамға қажетті тұлғаны дайындауда топтық оқытудың қажеттілігі өмір талабы екендігі айқын сезіледі.

Оқытудың топтық формасы деп – оқу тапсырмасын бірігіп орындау үшін сынып базасында құрылған жұмысшы топтардың іс-әрекетін ұйымдастыру түрін айтады. Топтық оқытудың басты мақсаты – оқушыларды шағын топтағы бірлескен жұмысқа тарту. Топтық жұмыстар – оқушылардың танымдық қызмет үдерісіне көтеріңкі көңіл-күймен қатысуын, зерттеу тақырыбын түйсініп, терең зерделеуді, алынған білімнің тұтастығы мен оқушылардың танымдық белсенділігін қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі ұйымдастырылған оқу үдерісіне қарағанда, топтық жұмыс арқылы оқыту үдерісінде оқушылар көп мағлұмат алады, ойын үдерісінде жағымды эмоциялар алып, белсенділігі артады, сөздік қоры дамиды жеке тұлғаның қажеттіліктері қанағаттандырылады.

Дұрыс ұйымдастырылған топтық жұмыс – командада шығармашылықпен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Бұрын әркім өз бетінше ізденіп жұмыстанып, белсенді балалар нәтижеге жетіп отырса, көмекке зәру бала өз ойының дұрыс бұрыстығына көз жеткізе алмай білмеген күйде қалып отырды. Топта оқушылар өз даралығын жоғалтпайды, қажетті жағдайда олар бір-бірінен көмек сұрап, ортақ міндеттерді шешеді.

Топтық жұмыс барысында топтасып постер дайындау, бірлесіп тапсырмаларды орындау, ресурстарды талдау жұмыстары барысында бір-бірімен ой бөліседі, өзінің білмегенін талқылау барысында тыңдау арқылы біледі, естігеніне қорытынды жасап, жүйелі талқылауға қатысады, бағалап, талдап, өз пікірлерін білдіре алады және бәрі бір тоқтамға келіп, берілген мәселені бірлесе отырып шешіп, оны қорғауға өз үлестерін қосады, тұжырым шығарады.

Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін, танымдық процестерді дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.

Топ – қазіргі адамның қоғамдық өмірін ұйымдастырудың басты тәсілі, оның ажырамас қасиеті болып табылады.

Топтық жұмыс өзінің барлық белгілері көрініс табатын оқу ынтымақтастығының идеалды моделі болып табылады

Топтық жұмыс дәстүрлі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда оқушылардың бір-бірімен байланысын құруға мүмкіндік береді. Олар жеке жұмысқа қарағанда топтық жұмыста тапсырмаларды жақсы орындайды және сабақтағы психологиялық микроклимат жақсарайды.

Топтық жұмыстың педагогикалық құндылығы – оның жалпы бала тұлғасын қалыптастыруға, оның ақыл-ой қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етуінде.

Қазіргі мектепте топтық жұмыстарды ұйымдастыруды оқу үдерісін жандандыру

және жылдамдату үшін пайдаланады.

Ғалым Шаталов топта жұмыс істеудің “сабақта қияр тұздау” сияқты әдісін ұсынады, яғни тұзды суға түскен қиярдың тұздалатыны секілді топтық жұмысқа қатысу арқылы білмегенінді үйрену. Топта жұмыс істеу механизмін іске дұрыс қосқанда, оқушының білмегенін білуге ұмтылысы нәтижелі болады.

Топтық жұмыстар тиімді әрі көңілден шығу үшін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін:

1. Топтардың құрамын жиі өзгертіңіз, әрбір оқушы қалған барлық оқушылармен жұмыс жасай алатын болсын. Оқушылар тек өз достармен ғана жұмыс жасамауы керек. Ұлдар мен қыздардан немесе ұлты әр түрлі балалардан құралған аралас топтың жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Топтың құрамын әр түрлі етіп өзгертуге болады.

2. Әрбір топ мүшелері өз ролін толық түсінгенін біліңіз. Мысалы: 1 нөмірлі сен хатшысың, 2 нөмірлі сен реттейсің деген сияқты т.б.

3. Оқушылар басқалардың да өз пікірін айту құқығын сыйлауы керек.

4. Оқушылардың барлығының жұмыс жасауына назар аударыңыз.

5. Жұмысын ерте бітірген оқушыларға жеке тағы да тапсырма беріңіз.

6. Топпен жұмыс жасау барысында оқушылар бір-бірін қорқытуы мүмкін. Мысалға сен мені қошта, болмаса маған 5 қой деген сияқты. Сондай бұзақылық жағдай болмау үшін бұзық оқушыларыңызға төреші, хатшы, реттеуші боласың деу керек.

7. Топпен жұмыс жүргізгенде жұмыс шуы болады. Ол үшін жұмыс жасау барысындағы шу мен күнделікті болатын шуды айыра білуіңіз керек.

8. Мұғалім – бақылаушы қызметін атқарады.

9. Оқушылардың мәселелерді толық талқылап жатқанын бақылау.

10. Топқа бөліп жұмыс жасату ойын емес, бұл проблеманы, мәселені шешудің бірден – бір жолы екенін оқушыларды топқа бөлерде ескертіп өту қажет.

11. Топтық жұмысты жариялау кезінде тақтаға шығып сөйлеу қажет. Себебі, барлық оқушының назары сол баяндамашыда болады.

12. Топпен жұмысты барлық сыныпта қолданғаннан гөрі бір сыныпта жүргізіп, балаларды жаттықтырып алған жөн. 1. Топтың көлемі. Ресми топ салыстырмалы түрде үлкен болмау керек деген пікір бар. Кит Девис топтағы адамдар саны бесеу болу керек деп есептейді. Ральф Дэвис бойынша тамаша топ 3-9 адам. 3. Топтық нормалар. Топ басшылары топтың өзге мүшелеріне қарағанда өздерін басқаша сезінеді. Оларда топтық қызығушылықты бағындыратын топтық рух басым болады.

13. 4. Топтық сананы құру амалдары:

14. 2. Топтың құралы. Құрылу кезінде топта ұқсамайтын тұлғалар болу керек, бұл үлкен тиімділікке әкелуі мүмкін. Көптеген көзқарастар және қабылдаулардың көмегі өз жемісін береді.

15. Топтардың тиімділігіне ықпал ететін факторлар:

- мақсатқа сенімділік;
- мүшелердің бір-біріне сенімділігі;
- жетекшіліктің оңтайлы стилі;
- басқаруға қатысу.Топтық уақыт өткізудің мәні мен жалпыға ортақтығын Д.Картрайттың және А.Зандердің мына сөздері дәлелдейді: “егер ... болжамдық марстық адам Жерді бір қарап шықса, ол, мүмкін, жер адамдарының бір нәрсені топта жасап, өз уақытының сонша бөлігін бірге өткізетініне таң қалатын шығар?”Топтық жұмыс формалары оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және оларды жеңе білу, танымдық, сыйласу, шығармашылық өзін-өзі өзектілендіруге ықпал етуде алатын орны ерекше.
- Г.А. Цукерман әлемде жүргізілген зерттеулерді жалпылау кезінде, топтық оқу іс-әрекетіндегі келесі мәселерді көрсетеді:
- Бүгінгі таңда топтық жұмыс оқыту үдерісінің тиімді тәсілдерінің бірі деп есептеледі. Ол сабақта табиғи тілдік қатынас жағдайын құруға әсер етеді, оқушыларды оқу үдерісіне белсенді қатысуға еріксіз тартады, ынталандырады, оқып-үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Сондай-ақ, топтық жұмыс оқушылардың өздерін сенімділікке тәрбиелейді, өзін-өзі ортада ұстай білуге, бірін-бірі тыңдауға, сыни ойлануға, пікірлердің сан алуан болатындығын жақсырақ түсінуге үйренеді, өз пікірін айтуға құқығының бар екенін сезінеді.
- Сынып-сабақ жүйесінің жалпыдан жеке және топтық формаға өтуі мода емес, бұл заман талабы.
- балалардың танымдық белсенділігі мен шығармашылық деңгейі өседі;
- оқушылар арасындағы өзара қатынас сипаты өзгереді;
- оқушылар маңызды әлеуметтік дағдыларға ие болады: әдеп, жауапкершілік, басқалардың позициясын есепке ала отырып, өз мінез-құлқын қалыптастыру іскерлігі,
- қарым-қатынастың гуманистік түрткілері;
- мұғалім топқа бөлуде балалардың өзара бейімділіктерін, олардың дайындық деңгейлерін, жұмыс қарқындарын есепке ала отырып, оқытуда дараландыру мүмкіндігін алады.
-
- Қазіргі заманғы оқыту мектептен, яғни мұғалімнен оқушылардың психикалық және физикалық денсаулығын қорғауды талап етіп отырғандықтан, іс-әрекетті ұйымдастырудың топтық формасы тәжірибесі өзекті әрі болашақта дамушы болып есептеледі.

S00049 14.12.2020

Балалардың ойын қызметінде дамуы

КОКАНОВА ГУЛЬНАР НАСИПКАЛИЕВНА

*Атырау облысы, Жылой ауданы, Құлсары қаласы
"Қызғалдақ" бөбекжай- балабақшасының тәрбиешісі*

Ойын- мектеп жасына дейінгі кезеңде басталып, адаммен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Адамзаттың тарихи даму барысында баланың жеке басын қалыптастыруда ойынның үлкен мәні бар. Балалар оның көмегімен, ортамен өзара байланыс жасау тәжірибесін меңгереді, адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық нормаларын, практикалық және ақыл-ой қызметінің тәсілдерін игереді. Ойын баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалыптасуына, ойлау, қиялдау қабілетінің дамуына әсер етеді. Балалардың үлкендермен қатар өмір сүруге ұмтылуын бірлесе еңбек ету арқылы ғана қанағаттандыру мүмкін емес, бұл қажеттілікті олар ойын үстінде ғана қанағаттандыра алады. Өйткені олар ойын арқылы ересектердің рөліне ене отырып, еңбекке араласып қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік өзара қарым-қатынастарға түседі.

Баланың бірінші әрекеті ойын, сондықтан да оның мәнісі ерекше. Ойын адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?»-деп айтқанындай баланың өмірінде ойын ерекше орын алатындығын айтқан болатынбыз. Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын кезінде шартты түрде мақсат қойылады, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекет бала үшін қызықты. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалар ойын барысында:

1. Өзін еркін сезінеді;
2. Ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқалады;
3. Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою секілді түрлі психологиялық түйсікпен сезім әлеміне сүңгиді.

Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

1. Ойланады;
2. Эмоциялық әсері ұшқыңдалады, белсенділігі артады, ерік-қасиеті, қиял-елестері дамиды, баланың шыңармашылық қабілеті мен дарыны ұшталады. Ойын үстінде бала бейне бір өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезімінде болады.

Ойын туралы тұжырым:

а) ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, сезімді шыңдайды

ә) ерік пен мінез қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

б) ұжымдық сезімі қалыптасады

в) эстетикалық тәрбие беру құралы

е) еңбек тәрбиесін беру міндеттерін шешуге көмектеседі

д) бір-бірінен ептілікті үйренеді, өзінің денесін шынықтырады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында:

- Адамдар іс-әрекеттің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойындарды үйренеді

- Жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі

- Бір-біріне көмектесе біледі, жанашырлық сезімі оянады, қамқорлық жасай біледі

- Кешірімді болуға, өзгені ренжітпеуге тырысады.

Ойынға басшылық жасау барысында бұйыруға болмайды. Егерде баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссек, онда баланың құштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі. Балалар ойынында кейде өлең, тақпақтар жиі кездеседі. Осы өлең –тақпақтардың негізгі мақсаты-тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу, қиялына қанат беріп, ойын ұштау.

Ойын-тіршілік нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, денені шынықтыру мен сергітудің құралы. Қазақ халқы «ойын баласы» деп жас баланың ойнауына мүмкіндік туғызып отырған. Ойынның түрлері өте көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаттары болады. Мысалы: «асық» ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке үйретсе, доп ойыны бүкіл дененің тұтас қимылдап шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау деп, ал мазмұнына қарай тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, спорттық ойындар деп топтастыруға болады. Қауымдасып ойнаған балалар бүкіл бір ұйымның не ұжымның көлемінде жалпылай ойынға қатысады: мқз айдынында коньки тебу, жалпы жарысқа қатысу, әсіресе одақтасып ойнау кезінде әдептілікпен қатар әділеттілік қажет болады. Жеке ойнау кезінде басқаларға кедергі жасамайтындай әдепті әрекет жасау қажет. Әрине ойын болған соң, шаттану да қажет, бірақ шаттанудың жөні осы екен деп, орынсыз айғайлау, шыңғыру әдепсіздік. Қарға тамырлы қазағымыздың «Ақсерек-Көксерек», «Ақсүйек», «Орамал тастамақ», «Шілік», «Арқан тарту», «Аударыспақ» сияқты ұлттық ойындары қайрат-жігерді, байқампаздық пен сезімталдықты, «Тоғыз құмалақ» ойыны ойлау қабілетін арттырады. «Бірінші байлық-денсаулық»- дейді халық, ал ойын денсаулықты арттырады.

Қазіргі таңда ойынды еңбекпен ұштастырып ұйымдастыру тәсілдері қолданыла бастады.

Мысалы: әртістік ойын және әр түрлі кәсіптің сипатын көрсететін «құрылысшы», «дастархан мәзірі» үй тапсырмасына байланысты «қуыршақтық қойылымдар» т.б. ойындар баланы әрі ойнап, әрі кәсіпке үйретіп, әрі пайдалы нәтиже шығаруға баулиды. «Әлсіз денеге ауру ұялайды» деген дана халқымыз. Ертеңмен тұрып шынығу, сергу-ойынның бастама негізі. Ойындарды еріккеннің ермегі деп түсінуге болмайды. Жұмысы жоқтықтан тумаған. Әр ойынның өзіндік мақсаты, маңызы бар. Олардың көбісі адамның денесін шынықтырып, буынын бекітуге, шапшаңдыққа, алғырлыққа, жүректілікке баулыса, кейбіреулері тіл сындыруға, өзін қоршаған табиғатты тануға, тапқырлыққа баулиды. Ел арасында ең көп жайылған әйкөл, қашпа доп, ақ сүйек, айгөйлек, ақсерек-көксерек сияқты ойындарда халықтың дене тәрбиесінің негізі жатыр. Сондықтан да көптеген ойындарға мазмұны мен жаңа форма беруге атсалысып, халқымыздың ертеден келе жатқан осы қазынасын баға жетпес байлығымызға айналдыруымыз керек. Қазақтың ұлттық ойындарын түр сипаттарымен мазмұндарына қарай былайша төртке бөлуге болады:

- Балаларға арналған ойындар
- Жасөспірімдерге арналған ойындар
- Бозбалалар мен бойжеткендерге арналған ойындар
- Үлкен-кішіге бірдей ойындар

«Балалықтың жанына ойын- азық» деп Сұлтанмахмұт Торайғыров атамыз айтпақшы балалар үшін ойын үлкен талқы. Түрлі ойындар кезінде олардың дүниетанымы кеңейіп, мінездері қалыптасады. Туған халқының әдет-ғұрпымен, жақсы дәстүрімен танысады. Рухани тәрбие дегеніміздің өзі де кейбір ұлттық ерекшеліктерді, ана тілін, туған халқының ауыз әдебиетін білуден басталады емес пе?

Ойнайық деп айту өте оңай. Оны қызықты өткізу үшін ғасырлар бойы халық талқысынан өткен ойындардың тәртібін біліп, мазмұнын, мақсатын түсіну қажет.

«Ойын-өсіп келе жатқан бала организмінің қажеті», ойында баланың дене күші артады, қолы қатайып, денесі шыңдай түседі, көзі қырағыланады, тапқырлығы, ынтасы артып жетіле түседі. Ойында балалардың ұйымдастырушылық дағдысы қалыптасып шыңдалады, ұстамдылығы мен жағдайларды салыстырып бағдарлау іскерлігі жетіле түседі. Әр түрлі қимылдарға негізделген бұл ойындар өсіп келе жатқан организмінің белсенді әрекеттерге деген қажетін мейлінше толық қанағаттандырады. Қимылды ойындардың айрықша бағалануы балалардың жалпы қимылының жетіле түсетіндігінде. Мұндай жағдайда балалардың түрлі топтағы бұлшық еттері бірдей қызмет етеді де, соның нәтижесінде олар бір қалыпты жетіледі.

Алайда қимылдық ойындардың маңызы тек мазмұнымен ғана шектелмейді, олар сондай-ақ балалардың жан-жақты өсіп-жетілуінде үлкен рөл атқарады. Қимылды ойындарда балалар тек жүгірумен ғана тынбайды, біреулерді қуалап жетеді немесе өзін ұстағысы келіп, біреулерден қашып құтылады; ол жай ғана секірмейді, қоянды немесе торғайды бейнелейді. Олар ойнайды, ал сол ойынның процесінде олардың қандай да болмасын бұлшық еттерінің белгілі бір топтары шыныға, жаттыға түседі. Ойынның бұл ерекшелігін П. Ф. Лесгафт жоғары бағалаған. Ол ойындардың жаттығулардан артықшылығын атап көрсетіп, ол ойындардың мектепке дейінгі жастағы балалардың ойын образдарының, сюжеттерінің бала қиялына жақындығынан, сондай-ақ оларда қалыптасқан қоғамдық бастаманың болуы салдарынан деп қарап, оларды балаларға түсінікті де, қолдарынан келетін нәрсе деп есептеген. Сонымен қатар зор тәрбиелік, білімділік күшін көре білді, оны жекелеген гимнастикалық жаттығуларға қарағанда, одан жоғарырақ тұратын күрделі әрекет, баланың жеке басын тәрбиелеудегі ең жақсы құрал деп санады. Ол баланың ойын үстінде сергек те ширақ болатынын, сезімтал келетінін, бар ынтасымен ойынға беріліп кететінін атап көрсетті. Қимылдық ойындар зеректілікке, байқағыштыққа, зейінділікке, қиялдауға, дұрыс сезімдердің дамуын тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды. Бала өзінің тең құрбыларының арасында өзін олармен тең сезінуге тиіс. Ойындағы белсенді әрекет балалардың өз күшіне сенбеушілікті, ұялшақтықты, жасқаншақтықты болдырмайды.

Ойын міндеті ойынның барысында шешіледі, бірақ кейде ол негізгі мақсат болуы да мүмкін ондай жағдайда тәрбиеші ойынды зор тиімділікпен жүзеге асыру үшін оны таңдайды. Қимылды ойындарды пайдаланған кезде дидактикалық принциптерді: қолайлылықты, жүйелілікті, бірізділікті, белсенділікті, парасаттылықты және басқаларды сақтау қажет. Ойын барысында немқұрайлылыққа жол бермеу керек, бұл балалардың қимылды ойындарға қызығушылығын төмендетудің негізгі бір себебі болып табылады. Тәрбиешілер ойынды көңілді де қызықты ұйымдастырып, балалар «ойынды» үлкен адам «жүргізгенін» сезбейтіндей, шын мәнісінде олармен бірге ойнаған, олардың табысына қуанған, ал сәтсіздікке олармен бірге өкінген жағдайда ғана тіпті сәбилер тобындағы балалардың өзі сүйіп ойнайтын ойындар да пайда бола бастайды.

S00029 14.12.2020

Қауіпті табиғат құбылыстары

АЛДИБЕКОВА НАЗИРА ДУЙСЕНОВНА

Алматы қаласы Алатау ауданы Шаңырақ-2

№ 26 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Пән: Дүниетану Бөлім: Қоршаған орта Күні: Сынып:	Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Қауіпті табиғат құбылыстары
Оқу мақсаты	2.2.2.1. Ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін талдау
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерлерін талдайды. Көптеген оқушылар: Адамдарға қауіп туғызатын және қауіп туғызбайтын табиғат құбылыстарын ажыратып, одан қорғану жолдарын біледі Кейбір оқушылар: Шаруашылықтарға қандай табиғат құбылыстар зиян келтіретінін және одан қорғану жолдарын біледі.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, жинақтау
Бағалау критерийлері	1) Табиғат құбылыстары туралы біледі. 2) Қолайсыз және қауіпті табиғат құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді. 3) Табиғаттың қолайсыз және қауіпсіз құбылыстарын талдау арқылы топтастырады.
Тілдік мақсат	-Климат және сәйкес табиғи құбылыстар тақырыбын бейнелейтін лексиканы оқып үйренеді. - Табиғи жағдайлар туралы айта алады. - Табиғи қолайсыз жағдайларды анықтай алады.

Құндылықтарды дарыту	Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Адамгершілік, алған білімді қолдана білу, еңбексүйгіштік қасиеттерді насихаттау.	
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану пәнімен табиғи құбылыстарын ерекшелігін жіктеу. Әдебиеттік оқу ауызекі сөйлеу тілдері дамиды.	
АКТ қолдану дағдылары	Ғаламтордан алған суреттер, интербелсенді тақта	
Алдыңғы білімді игерулері	Табиғат құбылыстарын атау	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы 5минут	Ширату тапсырмасы. Оқушыларды «Пазл» әдісі арқылы табиғат құбылыстарын құрастыру арқылы 3 топқа бөлу. 1-топ «Жаңбыр» 2-топ «Найзағай» 3-топ «Жел» «Кір жайғыш» әдісі арқылы жұмбақтарды шешеді. Жұмбақтар конвертке жасырылады, кір жайғыштан алады. 1.Дүрліктіріп қырқаны Шақпақ тастың жарқылы. Бұлт көрпесін жыртады.(найзағай) 2.Таудан топ түсті, Аяқ-қолы жоқ түсті.(бұршақ) 3.Жылт-жылт еткен, Жылғалардан өткен.(су) 4.Үлкен алтын табақтан Әлемге нұр таратқан.(күн) 5. Шөпті жапырып, Құмды сапырып, Қоқысты үйіріп, Әкеткен не шүйіріп? (Құйын) -Балалар, бұл жұмбақтардың шешуі не деп ойлайсындар? • Табиғат құбылыстары.	интербелсенді тақта, табиғат құбылыстарының суреттері     

	• Табиғат құбылыстары нені құрайды? • Ауа райын. Бүгінгі біздің сабағымыз қауіпті табиғат құбылыстарымен танысамыз және де ауа райының адам өмірі мен шаруашылық іс-әрекетіне оң және теріс әсерін білетін боламыз. ҚБ «Дұрыс па, бұрыс па?» әдісі	
Сабақтың ортасы 10 минут	Білу және түсіну МК: Табиғатта болып тұратын өзгерістер табиғат құбылыстары деп аталады. Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Тірі және өлі табиғатта үнемі өзгерістер болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: ағаштар мен шөптер көктейді және құрайды. Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары. Оқушылар оқулықтағы негізгі тақырыппен танысады. 1-тапсырма ТЖ«Ойлан,топтас,бөліс» әдісі. Табиғат құбылыстары туралы айтады және пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетіп, сәйкестендіреді. I-топ Найзағай адамға қандай зиян келтіреді? II- топ. Құрғақшылықтың адам өміріне зияны? III-топ Толассыз жауынның адам өміріне әсері. Дескриптор ω Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. ω Пайдасы мен зиянын талдау арқылы көрсетеді. ω Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді. ҚБ «Қөңілді жұлдыздар» 2-тапсырма « Мозайка » әдісі Барлық оқушыларға табиғат	Оқулық 87 бет  
10минут 10 минут		

	құбылыстарының суреті беріледі, аталған құбылыстарды топтастырады. Қолайсыз Қауіпті Дескриптор Қолайсыз және қауіпті құбылыстарды топтастырады. ҚБ «Қол шапалақтау» Тапсырманы өте жақсы деңгейде орындаған оқушыны қол шапалақтау арқылы бағалау 3-тапсырма «Сия жұмсаушы» әдісі арқылы табиғат құбылыстары туралы кластер құрастырады. Дескриптор: -Табиғат құбылыстарының қауіпті жағдайларын атайды -Табиғат құбылыстары туралы жазады. - Қолайсыз және қауіпті құбылыстардың ерекшеліктерін көрсетеді. Саралау:Жұмысқа берілген қысқа уақытта әр топ тез және үйлесімді жұмыс жүргізе біледі. ҚБ «Бір-бірін бағалау» әдісі Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды. Өз жұмысында нені жақсарту керектігін анықтайды.	Оқулық 89 бет
Сабақтың соңы 5 минут	ҚБ «Кім жылдам» әдісі Табиғи қауіп төнген кезде қажет болатын заттарды 1минут ішінде сөмкеңе сал! Рефлексия  -қолымнан бәрі келді  -бәрін үлгеремін, бірақ...  -қолымнан ештеңе келмейді Бүгінгі сабақтан алған әсерлеріңізді үш түрлі суреттің біріне стикерлеріңізді жапсырыңыздар.	 слайд
Үйге тапсырма	Түсініп оқу 87-89 бет	

Саралау Төмендегі саралау тапсырмаларын сынып оқушыларының қажеттілігіне қарай мұғалім өз өзгертіп отыруы қажет.	Бағалау -оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын ың сақталуы
1,2,3 тапсырма – «Тапсырма бойынша саралау» негізінде «Пазл», «Кір жайғыш», «Ойлан,топтас,б өліс», «Мозайка», «Кім жылдам?», «Сия жұмсаушы» әдістер арқылы тапсырмалары орындалады. Тапсырманы орындау барысында әр оқушының ойлау деңгейінің әртүрлі болатындығын ескере отырып, әр оқушыға өз мүмкіндігі бойынша қолдау беріледі. «Уақыт арқылы саралау» негізінде «Рефлексия» әдісі арқылы тапсырма орындалады. Бұл тапсырма кезінде пікірлерді дәлелдеуде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға қолдау беріледі.	«Дұрыс па, бұрыс па?»әдісі, «Қол шапалақтау» әдісі, «Көңілді жұлдыздар», «Бірін-бірі бағалау» әдісі Дескриптор: 1. -Табиғат құбылыстары туралы айтады, ерекшеліктерін көрсетеді. 2. -Пайдасы мен зиянын жіктеу арқылы көрсетеді. 3. -Қауіпті табиғи құбылыстар кезінде 112 құтқару қызметінің рөлі мен маңызын есте сақтайды. -Табиғат құбылыстарының зияны мен пайдасы туралы жіктеп сәйкестендіреді	Демалыс кезіндегі қауіпсіздікті сақтау, өз заттарына ұқыптылықпен қарау.
Сабақ бойынша рефлексия Саралау тәсілдері арқылы сабақты ұйымдастыру ұнады. Оқу мақсаттарын , сабақ мақсаттарын, бағалау критерийлері мен дескрипторларын байланыстыра отырып, белсенді оқуды жоспарлау мен үшін құнды болды.		

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?

1: Оқушылардың қарқын тәсіл арқылы, деңгейлерін анықтау.

2: Топта ұйымшылдық жұмыс жасағандары.

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?

1: Оқушылармен диалогқа жиі түсу арқылы олардың қажеттілігін біліп отыру.

2: Оларды үнемі қолдап мадақтап, қолпаштап отыру.

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

1. Оқушыларымның мүмкіндік деңгейінің жоғары екенін, шығармашылық қабілеті бар оқушыларыммен жеке жұмыстарды жандандыру керек екенін білдім.

S00030 14.12.2020

Ауа райы дегеніміз не?

АМЗЕЕВА АЛТЫНШАШ ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ
Шымкент қаласы №88 жалпы орта білім беретін
мектептің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: Дүниетану ҰМЖ бөлімі: Бізді қоршаған орта Сынып:	Мұғалімнің аты-жөні:	
	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақ тақырыбы	Ауа райы дегеніміз не?	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	1.2.2.1 Ауа райының адамға және іс-әрекетіне әсерін анықтау. 1.2.3.1 Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтау	

Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Жыл мезгілдерін анықтап, ауа райы туралы айта алады Көптеген оқушылар: Жыл мезгіліндегі негізгі белгілерді анықтап, табиғи құбылыстарды сипаттап, ажырата алады. Кейбір оқушылар: Шартты белгілері арқылы табиғатты бақылай алады Жыл мезгілдерінің іс-әрекетіне қарай ауа райын болжай алады.
Бағалау критерийлері	Ауа райының адамға тигізетін әсері туралы әңгімелейді. Ауа райының адам іс-әрекетіне ықпалын анықтайды Жыл мезгілдерін ажыратады. Жыл мезгілдеріне қатысты бос уақытты өткізу жолдарын атайды.
Тілдік мақсаттар	Жыл мезгілдеріне тән негізгі белгілерді анықтап айтып бере алады. Пәнге тән лексика мен терминология: Жыл мезгілдері. Ауа райы Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: - Жылда неше мезгіл бар? - Қазір қай мезгіл? - Ауа райы қалай өзгеріп тұрады? - Жылдың әр мезгілінде қандай ойын ойнайсың?
Құндылықтарды дарыту	Азаматтық жауапкершілік, патриотизм, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық, жауапкершілікке және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану- оқушыларға ертеде адамдар неліктен ауа райы болжамын жасағаны туралы материал жинауға тапсырма беріледі. Математика- оқушыларға белгілі бір жыл мезгілінде – жазда, күзде, қыста, көктемде дүниеге келген балалардың санын есептеуге тапсырма беріледі.
Бастапқы білім	Алдыңғы сабақта өткен тақырыптардан жыл мезгілдерін ажырата алады.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
---------------------------------	----------------------------------	-----------

Сабақ-тың басы 5 мин	2 мин	Ұйымдастыру кезеңі Ширату «Табиғат мінезі» әдісі Шеңбер бойымен дөңгелене тұрып табиғат құбылыстарын қимылмен көрсетеді. Күн бұлттанды- қолдарын көтереді, жел тұрды- қолдарын сермейді, жаңбыр сіркіреді-аяқтарын қағады, жаңбыр күшейе түсті-шапалақ береді, нөсерге айналды-аяқ пен қолдарын соғады. Кері байланыс «Сұрақ-жауап» әдісі -Табиғаттың қандай мінездерін байқадыңыздар? -Жылдың қай мезгілі ұнайды?	
Сабақ-тың ортасы 25 мин	1 мин	Топқа бөлу «Сиқырлы сандықша» Сиқырлы сандықша ішінен ұнатқан жыл мезгілдерінің бірін таңдау арқылы 4 топқа бөлінеді. 1-топ: Жаз 2-топ: Күз 3-топ: Көктем 4-топ: Қыс МК (Ұ) «Сиқырлы әуен» әдісі Қай жыл мезгілді білесің? Аудиотаспадан П.И.Чайковскийдің сиқырлы «Қыс» өлеңін тындай отырып, терезеге қарайды ,сазгердің бұл әуенді жазған кезде не туралы ойлағанын және қай мезгіл туралы екенін табады. Кері байланыс «Ыстық микрофон» әдісі Қандай жыл мезгілді анықтадың? Жыл мезгілі дегеніміз не?	Аудиотаспа, жыл мезгілдерінің суреттері 

		Қыс мезгілінде ауа райы қандай болады? МБ. Жарайсыңдар, өте тамаша! Тілдік құзіреттілікті дамыту Жыл мезгілдері – жылдың төрт кезеңі. 5 мин Ауа райы – жылдың әр мезгіліне сәйес өзгеріп отыратын құбылыс. (Т) «Ойлан топтас бөліс» әдісі Топ мүшелері өзара анықталады. Капитан-тапсырманы бөліп береді, спикер-баяндайды, хатшы-кері байланысбереді, бақылаушы-тапсырманың дұрыстығын бақылайды, уақыт сақшысы- уақыт белгілейді. Жыл мезгілдеріне сай іс-әрекет түрлерін сипатта 1 топ – жазда егіннің күтілуін 2топ- көктемде қар еріп, жер жыртатынын 3 топ –күзде адамдар егін 2 мин жинайтынын, қысқа дайындық болатытын 4 топ-қыста қар күреді, құстарға жем 1 мин шашатынын ойланып келесі топқа ойларын бөліседі. Кері байланыс «Ыстық орындық» әдісі 3 мин Қандай жыл мезгілдерін анықтадың Жыл мезгілдерінде адамдар немен 1 мин айналысады Бағалау Топтар бірін-бірі бас бармақ арқылы бағалайды. Жұптық жұмыс « Блиц кездесу» әдісі Шеңбер құрып, бір екіден саналады, ішкі шеңбер және сыртқы шеңбер. Ішкі шеңбер ойын түрлерін қимылмен көрсетеді. Сыртқы шеңбер қай жыл мезгілінде ойнауға болатынын табады.	 Жұмыс дәптері Қалыптастыр ушы бағалау тапсырмасы
--	--	---	--

	3 мин	Жауабы: Қыс-шаңғы, шана, коньки, қармен ойнау, жаз –суға шомылу, футбол ойнау. Көктем –суға кемелер жіберу	
	3мин	Кері байланыс «Серпілген доп» әдісі - Жылдың әр мезгілінде қандай ойын ойнайсың? - Қай жыл мезгілі ұнайды? Бағалау: жұптар «Басбармақпен» бірін-бірі бағалайды	
	1 мин	Жеке жұмыс. «Сен білесің бе?» ойыны Заттар мен киімдерді ауа райына қарай сәйкестендір. Күннің, бұлттың қардың, қолшатыр, көзілдірік, бас киім, тон,қолғаптың суреттерін ауа	
	2 мин	райына сәйкестендіру. Кері байланыс: «Сиқырлы көзілдірік» -қай жыл мезгіліне қарай дұрыс сәйкестендірдің?	
	2 мин	-егер ауа райына сай киінбесе не болады?	
	3 мин	Бағалау Жарайсыңдар! Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары Суреттегі жыл мезгілдерінің атауын жазыңыз Суретке сүйеніп, бос уақытты табиғатта қалай өткізуге болатыны туралы әңгімелеңіз? Кері байланыс жазбаша түрде беріледі. Саралау тапсырмалары Тест жұмысы Жыл мезгілдері қандай ретпен орналасады? А) Көктем, жаз, күз, қыс Ә) жаз, көктем, қыс, күз	

	Б) жаз, қыс, күз,көктем • Көктемде адамдар немен айналысады? А) Мал бағады Ә) Егін егеді Б) Қар күрейді • Көкжиек тұстарын белгілеу не үшін қажет? А) адаспау үшін Ә) киім тігу үшін Б) ауа райын болжау үшін	
Сабақтың соңы 5 мин	Рефлексия «Аукцион» ойыны Дабыл бойынша кезек-кезек әртүрлі жыл мезгілдерінде киетін киімдер айтылады . Аукцион шарты кім көп киім айтса сол жеңеді. Ауа-райының адамға және оның іс-әрекетіне әсерін анықтайды Жыл мезгілдеріне орай табиғатта бос уақытты өткізу мүмкіндіктерін анықтайды. Түсіндім орташа түсіндім түсінбедім Стикерге есімдерін жазып ресурстардың тұсына іледі	
Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?	Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы

Сыныпты аралап шығып, туындаған сұрақтар бойынша басшылықты және көмек қажет болғандарға жеке және жалпы тәсілді пайдалана отырып қолдау көрсетемін. Қабілеті жоғары оқушыларға алдын-ала дайындалған саралау тапсырмасын ұсынамын. Қабілеті төмен оқушыларға түсінбеген сұрақтарын сұрай отырып, тапсырманы орындай алу үшін ЖАДА қалыптастырамын.	СПИКЕР жабыстыру арқылы	Топқа бөліну кезінде сүрініп кетпеуін, партаға соғылмауын, қалам, қаламсапты абайалап пайдалану қажеттілігін ескертемін.
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

Жалпы баға

Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1: Тақырыптың ашылуы

2: Оқушылардың белсенділігі

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1: Оқушының сабаққа күнделікті дайындығы

2: Мұғалімнің белсенді әдістері

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

Барлығы толықтай өзіндік жұмысты критерийге сай орындай алмайды.

Сондықтан жеке оқушымен жұмысты көбірек беріп отыру керек.

S00031 14.12.2020

Жаңартылған білім мазмұны-заман талабы

ҚОЛҒАНАТОВА АҚМАРАЛ НҰРЛАНҚЫЗЫ

*Маңғыстау аудандық Білім бөлімінің Қаратөбе орта
білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ.Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп,бәйгеден озып келетін заманы енді туды.Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керке»,деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу.Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім.Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.Болашақта өркениетті,дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет:ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең,іскер және ойлауға қабілетті,әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру.Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады.

Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері,соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.Жаңартылған білім беру бағдарламасы –озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды.Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе,Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды»негізгі тапсырма етіп жүктейді.Функционалдық сауаттылық,кеңінен алғанда,білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік,мәдени,саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына,сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді.Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп,өз болжамдарына күмәнмен,сыни тұрғыдан қарайды.Әлем,тіршілік,жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп,кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды.Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды.Белсенді түрде білім жинақтайды.Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп,бағыт-бағдар беріп отырады.Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады.Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады.Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып,топпен,жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді.Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі:оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;сыни тұрғыдан ойлауға үйреті;оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану;оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып,белсене араласа алатын қабілетін көтеріп,танып білу заман талабы.Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру,сапалы білім беріп,оның болашағын,жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

S00032 14.12.2020

Білім беруде жаңа технологияларды қолданудың тиімділігі

БЕРДИЕВ НҰРҒИСА ДАТҰЛЫ

*Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы
Ақшұқыр мектеп-гимназиясының География пәні мұғалім*

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың дамыған кезеңі. Заман талабына сай қазіргі білім жүйесіндегі игі істер мен жаңалықтар соның нәтижесі. Бүгінгі білім беру үдірісінде жаңа ақпараттық технологияны пайдалану және оны мақсатты түрде жүзеге асыру – ақпараттық қоғам дәуірінің негізгі көзі. Қазіргі заман мұғалімнен тек өз пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи танымдылық, педагогикалық – психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман ағымына сәйкес білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Жаңа технологияның бізге ұсынып отырған тағы бір жетістігі бұл әрине электрондық оқулық. Білім берудің кез келген саласында танымдық белсенділікті арттырып, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайтын – электрондық оқулық. Электрондық оқулықты пайдалану мұғалімнің ғылыми-әдістемелік потенциалын дамытып, оның сабақ үстіндегі еңбегін жеңілдетті. Оқытудың әр сатысында компьютерлік тесттер арқылы оқушыны жекелей бақылауды, графикалық бейнелеу, мәтіндері түрінде, мультимедиялық, бейне және дыбыс бөлшектерінің бағдарламасы бойынша алатын жаңалықтарды іске асыруға көп көмегін тигізеді. Электрондық оқулықтарды қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларда өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Осы электрондық оқулықтың артықшылығы болып табылады. Мұғалім үшін электрондық оқулық бұл күнбе-күн дамытылып тұратын ашық түрдегі әдістемелік жүйе, оны әрбір оқытушы өз педагогикалық тәжірибесіндегі материалдармен толықтыра отырып, әрі қарай жетілдіре алады. Мазмұны қиындау бір үлкен тақырыптың бөліктерін өткенде қосымша бейнехабар және клиптер қажетті элемент болып табылады. Бейнеклиптер уақыт масштабын өзгертуге және көріністерді тез және жәй түрде көрсеруге пайдалы. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видеокөріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсеруге болады. Бұл әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлде қайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген құштарлығын арттырады.

Жаңа технологияны пайдалана отырып, биология пәнінен «Полезой заманындағы тіршілік» сабағын электрондық оқулықтың көмегімен өттім.Сабақтың мақсаты Полезой заманындағы тіршілік туралы жалпы мағұлмат білу:

Суреттерді пайдаланып – полезой заманындағы жалпы мағұлмат білу: себептерін түсіну, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білуді үйрену, топта бағалауға баулу болды. Электрондық оқулық арқылы оққышылар Полезой заманындағы өсімдіктер мен жануарлар жөнінде жалпы мағұлмат білді. Ірі организмдер құрылысының маңызы жөнінде жалпы мағұлмат біліп , себептерін түсінді, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануды үйренеді. Сабақ үстінде берілген түсініктер: Полезой, Кембрий, Ордовик, Силлур, Девон, таскөмір, Пермь, Псилофиттер. Сабақты өту барысында , Топтық жұмыс «Джигсо» Жұптық жұмыс ,жеке жұмыс «Тест» алынды. Сынып оқушыларына жағымды ахуал туғызып, түгелдеп топқа (Архей, протерезой, полезой) сөздері арқылы 3 топқа бөлінеді. Топтың көшбасшысы , баяндамашы, хатшы, уақытсақшы, бақылаушы сайлап алынады. Жұмыс төмендегідей жоспармен жүрді:

Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді. I топ оқушысы, II топқа барып түсіндіреді Өкіл әдісі бойынша. Түсіндіріп болғаннан кейін

1 топ – Ассоцация

2 топ – Тұжырымдамалық карта

3 топ- Фишбон әдісі бойынша әр топ постер қорғайды, оқушылардың мақсаттарың бүгінгі тақырыпты салып түсіндіріп беру.

(Оқушылар тапсырманы орындағаннан кейін тақтаға іліп,Галереяға саяхат әдісі бойынша әр оптан оқушы түсіндіреді,)

Әр оқушы өзіне жүктелген рөлдің міндеттерін атқарады. Топ пікірлерін тыңдады. Кері байланыс (Білемін,Білдім,Білгім келеді.)жүргізіледі. Сабақ өз дәрежесінде өтті.Ақпараттық технологияны пайдалана отырып, оқушылар өздері іздену барысында көп мәлімет алды.

Біз бейбіт елде,мемлекеттік білімді жетілдіруге аса мән берген елде тұрамыз. Жалпы білім берудің мақсаты – терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдерді қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға, яғни жеке тұлғаны қалыптастыруға негізделген, ақпаратты технологияны терең меңгерген, жылдам өзгеріп жататын бүгінгі заманға лайықты, жаңашыл тұлғаны қалыптастыру.

Қазақстанның тәуелсіз мемлкет ретінде қалыптасуы орта білім беру жүйесінің дамуымен тығыз байланысты. Қай халықтың, қай ұлттың болсын толығып өсуіне, рухани әрі мідени дамуына басты ықпал жасайтын тірегі де, түп қазығы да – мектеп.

Мектептердің білім деңгейін көтеру және онда интерактивті тұлғаларды пайдалану арқылы оқу- тәрбие процессін тиісті деңгейге көтеру, мектеп ұстаздарының басшыларының, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін тигізер пайдасы аса мол.

S00033 14.12.2020

Менің ауылым. Менің қалам

КОПБАЕВА ЖАНАР ОРАЗАЛИЕВНА

Алматы облысы.Кеген ауданы. «С.Босқынбаев атындағы негізгі мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Пәні: дүниетану Сабақтың тақырыбы: Менің ауылым. Менің қалам Күні :		Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні:	
Сынып	Қатысқан оқушылар саны:		Қатыспаған оқушылар саны :
Сабаққа негізделген оқу мақсаттары	2.1.3.1 Өз зерттеулеріне сүйене отырып, аймағының көрнекі жерлерін сипаттау және бейнелеу		
Сабақ нәтижесі	Барлық оқушылар орындай алады: Оқушылардың барлығы ауыл мен қаланы ажырата алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.		
Бағалау критерийі	1. Ауыл мен қаланы ажырата біледі. 2. Ауыл мен қаланы салыстырады 3. Ауыл мен қалаға арнап шағын эссе және төрт жолды өлең құрастырады		

Ресурстар	Оқулық,суреттер,топтық тапсырмалар,кері байланыс,стикер,интербелсенді тақта,видео	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап,әңгімелеу,түсіндіру,ойын ,көрнекілік,рефлексия	
Пәнаралық байланыс	Әдебиеттік оқу, жаратылыстану	
Сабақ барысы:		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері:	Сабақта жоспарланған іс-әрекет:	Ресурстар
Басталуы 5 минут	Психологиялық ахуал қалыптастыру: Саламатсыздарма балалар! Көңіл-күйлерің қалай? -тамаша Онда балалар сабағымызға сәттілік тілейміз Сәтті өтсін сабағымыз Ашық болсын қабағымыз Балалар бір-бірімізге күлімдей қарап, сәттілік тілейміз. (сәттілік) Қазір бізде қандай сабақ? -Дүнетану Дүниетану сабағын Зейін қойып оқимыз, Берілген тапсырманың барлығын, Беске орындап береміз. -Рахмет, балалар. Менің бүгінгі сабақта сендерге тілерім ұшқыр ой, ойларыңа - саналы сөз тілеймін. Топтың ережесін еске салайық Бір-бірімізді тыңдаймыз десек 1 рет қол шапалақтаймыз Ұйымшыл боламыз десек 2-рет қол шапалақтаймыз Белсенділік танытамыз десек 3-рет қол шапалақтаймыз	«Психологиялық ахуал» тренинг
	Үй жұмысын тексеру мақсатында жеке тапсырма беремін. 1.Қазақстан картасынан өз облысыңды белгіле (l). 2.Өз облысыңның орталығын (қаланың атауын) жаз.	Күлегештер арқылы бағалау

	Балалар қазақстанда көрікті, тарихи қалалар өте көп деген едік. Қазақстанның ежелгі қалаларына қай қалалар жатады екен? Түркістан, Тараз, Алматы. Бұл біздің отанымыздың тарихы тереңде жатқанын білдіреді. Еліміздің қалалары бір-бірімен не арқылы байланысады? Теміржол арқылы, әуе жолдары және де автомобил жолдары арқылы байланысады	
Жаңа білім 10 минут	1. Білу және түсіну «Ой қозғау» әдісі 1. Қыста жауады Қар Ардақты жан Ана 2. Ақ пен қара ала Киіз үй бөлшегі уық 3. Топыраққа су құйсаң лай Ашу (синонимі) ыза 4. Бал жинайды ара таза (антоним) лас Балалар сонымен біз бүгін «Менің ауылым. Менің қалам. тақырыбымен таныс боламыз. Сабағымыздың мақсаты ауыл мен қаланың айырмашылығын білетін боламыз, ауыл мен қаланы сипаттаймыз және де салыстырамыз. 2. Мағынаны тану Әркімнің туып – өскен ауылы немесе қаласы бар. Біз оны туған жер, атамекен деп атаймыз. - Мен ауылда тұрамын. Ауылым өзен жағасында орналасқан. Жаз айында өзенге шомылып, күнге қыздырынамын. Біздің ауылымызда мал бағады, егін егеді, жеміс-жидек өсіреді. Оның өнімдерін қалаға жеткізеді. - Мен қалада туып өстім. Мұнда әдемі биік үйлер, кең де көрікті көшелер бар. Қалада оқу орындары, театрлар мен мұражайлар жұмыс істейді. Сондай-ақ қаламызда киім фабрикасы, автомәшине шығаратын үлкен зауыт бар. Сүтті дүкеннен сатып аламыз.	«Ой қозғау» әдісі Ребусты шешу Суреттер жұптық жұмыс диалог түрінде суреттер маркер ақ қағаздар, желім Бағдаршам
Ортасы 10 минут		

4 минут	ЖЖ.Өз ауылың немесе қалаңның өмірі жайлы досыңмен әңгімелес. 1)Т.Ж.1-топ:қала тіршілігіне қатысты суреттерді топтастырады. 2-топ:ауыл тіршілігіне қатысты суреттерді топтастырады. 3-топ:қала мен ауылдың айырмашылығын айқында.сәйкестендір Дискриптор: 1.қала мен ауылдың айырмашылығын біледі.суретті сәйкестендіреді. 2.қала және ауылға қатысты суреттерді топтастырады. Бағалау:Әр топты бағдаршам әдісі арқылы бағалаймыз. Балалар Шағын елді мекеннің табиғатын, тарихы мен мәдентетін өлкетану ғылымы зерттейді. Әр ауылдың немесе қаланың өз тарихын әйгілейтін мәдени орындары бар. Олар сол жердің тарихи, мәдени өмірін көрсетеді. Өлкетану мұражайы – бұл сол өлкенің тарихи жәдігерлері мен табиғат байлығын, мәдениеті мен әдебиетін жинақтайтын орын. Оны сен әр қаладан , әр өлкеден кезіктіре аласың. Жақсы балалар біз өткен сабақта аудан орталығындағы мұражайда болған едік.интербелсенді тақтаға қарап,өз ойларымызды айтамыз. 2)ТЖ(Т) «Суреттер стратегиясы» . 1 топқа –ауыл, 2 топқа-қала тіршілігіне қатысты суреттер беріледі. 3 топқа-мұражай суреттері беріледі. Әр топ өзіне берілген сурет бойынша әңгімелейді. - Қандай суреттерді көріп тұрсыңдар? - Осы суреттер арқылы әр топ өз ойларын айтып көріңдерші? Дискриптор:	түстері Мұражай туралы мәліметтер «Суреттер стратегиясы» .
---------	--	---

	1.Ауыл мен қала айырмашылығын біледі 2. Туған жердің мәдени-тарихи естеліктерін мұражай туралы ақпараттар алады. Дәптермен жұмыс ЖЖ. 3- тапсырма Қолдану Ауыл адамдары қала халқына қандай тағам түрлерін береді ? Ал қала халқы қандай өнімдер береді ? Қала- Ауыл- Қалыптастырушы бағалау ҚБ <table><tr><td>№</td><td>Белгілері</td><td>«Қ»</td><td>«А»</td></tr><tr><td>1.</td><td>Көп қабатты үйлер</td><td></td><td></td></tr><tr><td>2.</td><td>Төрт түлік</td><td></td><td></td></tr><tr><td>3.</td><td>Трактор</td><td></td><td></td></tr><tr><td>4.</td><td>Зауыттар мен фабрикалар</td><td></td><td></td></tr><tr><td>5.</td><td>Бау-бақша</td><td></td><td></td></tr><tr><td>6.</td><td>Зәулім ғимараттар</td><td></td><td></td></tr></table>	№	Белгілері	«Қ»	«А»	1.	Көп қабатты үйлер			2.	Төрт түлік			3.	Трактор			4.	Зауыттар мен фабрикалар			5.	Бау-бақша			6.	Зәулім ғимараттар			
№	Белгілері	«Қ»	«А»																											
1.	Көп қабатты үйлер																													
2.	Төрт түлік																													
3.	Трактор																													
4.	Зауыттар мен фабрикалар																													
5.	Бау-бақша																													
6.	Зәулім ғимараттар																													
Сергіту сәті 3минут	Балалар біздің туған өлкеміз не деп аталады? Отан Біздің отанымыз-Қазақстан.Олай болса М.Мақатаевтың «Отан туралы» өлеңін біргелікте айтайықшы. Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем, Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған, Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған Жаным менің, Кеудемді жарып шық та, Бозторғайы бол оның шырылдаған! Отан! Отан! Бәрінен биік екен. Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.	Оқушылар өлең айтып сергіп қалады																												
5минут	3)ТЖ 1-топ: Өзің тұратын ауылың туралы айтып бер.																													

Кері байланыс	2-топ: Өз ауылың туралы бір шумақ өлең шығар. 3-топ: Өз ауылыңның көркеюіне қандай үлес қосар едің? Дескриптор: Ауыл мен қаланы қалай көркейту керек екенін түсінеді. Кері байланыс жұлдызшалар арқылы бағаланады	жұлдызша
Бағалау	«Жарнама» әдісі Тапсырма: Көрнекіліктерді пайдалана отырып, қала мен ауылды жарнамалаңдар. Оқушылар ауылдың немесе қаланың екі жақсы көретін және бір ұнатпайтын жағын атайды.	«Жарнама» Әдісі
3 минут	«Екі жұлдыз, бір тілек» «Рефлексиялық шеңбер» Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. • Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? • Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? • Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? • Сабақта қандай қиындықтар туындады? • Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен? Жарайсыңдар, балалар! Алға қойған мақсатқа еңбектеніп жеттіңдер. Ауыл мен қала жайлы зерделеп,біліп көрдіңдер. Үйде тағы қайталап,қосымша білім жинақтап. Келесі жолғы сабаққа үлкен дайындықпен келіңдер!	Рефлексиялық шеңбер
Үйге тапсырма: оқу, дәптермен жұмыс. Үйге тапсырма: 38-39 бет мазмұндау		
Саралау-оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті	Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс

жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырасыз? Дарынды және талантты оқушыларға «Ойлан,тап» ойыныі арқылы жылдамдыққа сұрақтар қойып жауап аламын және «Ауыл мен қаланы болашақта қалай елестетуге болады?» деген сұрақтар беру арқылы оқушыларды сыни ойлауға, өздігінен шешім қабылдай алу дағдысын дамытамын. Үлгерімі төмен оқушыларға жеңіл сұрақ-жауаптар мен терминмен жұмыс берілді.	Басбармақ, жұлдызша, Смайликтер арқылы бағаланады.	Құндылықтардағы Байланыс Денсаулық және қауіпсіздік, техникасының сақталуы Партада дұрыс отыруы. Интербелсенді тақтамен жұмыс жасауда абай болу.
Рефлексия Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	Сабақ/оқу мақсаттары шынайы. - Ауыл мен қаланың айырмашылығын біледі. - Өзінің туып өскен жеріне еш нәрсе жетпейтінін түсінеді. - Ауыл мен қалаға арнап төр жолды өлеңдер шығара білді. - Сыныптағы ахуал ауыз біршілікте болды. - Жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды деп ойлаймын. - Берілген уақытты оқушылар тиімді пайдаланып, тапсырмалардың бәрін орындап үлгерді. - Мен өз жоспарыма мынандай түзетулер енгіздім: уақытты тиімді қолдану, сабақта әдіс- тәсілдерді түрлендіруді, тақырып бойынша берілген сұрақтардың маңыздылығына назар аудардым.	

Қорытынды бағамдау

Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1: Көрсетілім аспектісі

2: Бала өз ойын жеткізуі

Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?

1: Қызығушылығын арттыру

2: АКТ

Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды

жетілдіруге көмектесетін не білдім?

Үлгерімі төмен оқушыларға топтық тапсырмаларды қорғату керек. Жекелей сұрақтар қойған дұрыс. Олар аз сөйлейді.

S00034 14.12.2020

**Топтық жұмыс арқылы оқушылардың
танымдық қызығушылығын арттыру**

ДУЙСЕБАЕВА РЫСАЛДЫ ЖАКЫПБЕКОВНА

*Алматы облысы.Кеген ауданы. «С.Босқынбаев атындағы
негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
бастауыш сынып мұғалімі*

Мақсаты: Топтық жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері:

1. Жаңа әдістеменің әдіс – тәсілдерін енгізу;

2. Топтық жұмыс түрін қалыптастыру.

Өзектілігі: Оқу-тәрбиесінде мынадай өзекті проблемалар бар: Оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр және бұл проблемаларды шешу үшін, білім үдерісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп, өз іс-әрекетімде енгізу қажет деп ойлаймын. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Бүгінгі таңдағы оқыту үдерісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген

қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Мен де оқыту тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын қарастырудамын. Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын еркін және ерікті түрде білдірсе, шығармашылықпен жұмыс істесе екен деген мақсаттарды көздеймін. Тек білдіру емес, сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де асыра алатын тұлға болып қалыптасса екен деймін.

Мұғалім топтық жұмыс түрін қолданғанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отырады.

Топпен жұмыс жүргізу кезінде оқушылар:

- Бір - біріне бірдей бағынышта, сыйластықта болады;
- Бір - біріне деген жауапкершіліктері артады;
- Топтың барлық мүшелердің бір - бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесе сөйлеу дағдылары қалыптасты. Топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі шындалады;
- Оқушылардың есте сақтау қабілеті жоғарылайды;
- Жиі - жиі ой талқысын жасау және өз пікірін білдіру арқылы оқушының сөйлеу дағдылары дамиды.

Бірлескен оқудың мәні

Ынтымақтастық оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы білім алады.

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.
4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.
5. Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым -

қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Сабақ беру кезінде мен сын тұрғысынан ойлау стратегияларын әдебиет сабақтарында қолдана бастадым. Олардың жаңашылдығы мен көп уақыт алатындығы топтық жұмыс түрінде көп қолдануға мүмкін болды.

Оқушылардың тілдерін жетілдіру мен шығармашылыққа баулуда сыни тұрғыдан оқыту стратегиялардың маңызы зор. Соның ішінде толғануды тиімді етуге лайықталған “Венн диаграммасы”, “Бес жолды өлең”, “Көрнекілік арқылы баяндау”, “Семантикалық карта”, “Автор орындығы” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр - жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Оқушы өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, тапсырмаларды орындау барысында өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сондай - ақ топтық жұмыс арқылы оқушылар өз ойларын ашық айта білу, пікір айтуға үйрену, пікір таластыру (дебат), жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластық, ұйымшылдыққа, білім сапасының көтерілуіне көп әсерлерін тигізеді. Сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежелері төмен оқушылардың да қызығушылығы туып, өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысады.

Сынып оқушыларының топтағы білімдерін бағалау үшін бағалау критерийлерін белгілеп алу қажет. Олар:

- Оқушылардың сабақта белсенділік танытулары;
- Өз ойларын ашық та еркін жеткізе алуы;
- Тақырып бойынша ең негізгіні түсініп, ажырата білулері;
- Барлық топтар бойынша сыйластық, тәртіп, ұйымшылдықтың болуы.

Бағалау критерийлері оқушыларға алдын ала таныс болуы тиіс немесе тақтаға ілініп қоюы тиіс.

Топтық жұмыс жүргізу арқылы байқағаным: оқушылар сабақты өз еріктерімен қажеттілік ретінде қабылдады. Бір-біріне деген жанашырлықтары, өзара татулықтары, ұйымшылдықтары үнемі байқалып тұрды. Алдағы уақытта да топ мүшелері топ ережесін ұстанып, жұмыс істеуге тырысып отырды. Мен өз тарапымнан ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыруға ықпал етіп отырдым. Мен оқушыларымның мінез - құлқының ерекшеліктерін жақсы білемін. Сондықтан маған сыныпта ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру айтарлықтай қиындық туғызбады. Сыныбымдағы тәртіп ережелері мен нормалары сақталды. Оқушылар бір-бірімен жұмыс істегенде өздерін жайлы сезінді. Олар топта, жұпта тапсырмаларды талқылау кезінде әңгімелесуге құлықты болды.

Топтық жұмыс түрін қолданған кезде менің сабағымда оқушылар арасында:• бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың;

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмауы керек. Мұғалім баланың білімді игеруге қызығушылығын оятуы, шығармашылықтарын дамытуы қажет. Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық тапсырмаларды сыныпқа жаппай бере отырып, әр топтан тек қабілетті оқушылар орындап отырғанын байқадым. Бұл дарынды оқушыны анықтап алу үшін оңтайлы болды. Тапсырманы жеке орындаған оқушы да өз жұмысын топтың атынан қорғап, өз тобын алға сүйреуге ұмтылды. Бұл жерден ынтымақтастықтың белгісін анық байқауға болады.

Өз тәжірибемде оқытудың диалогтік тәсілдерін қолдануда топтық әңгімеге басты назар аудардым. Себебі сабақ берген сыныбымда оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге тартынып тұрды. Ал топта жұмыс істегенде оқушылар меңгеретін материалды топта талқылап, бір - біріне айтып, тілдерін жаттықтырып алады. Содан соң сынып алдына шығып сөйлейді.

Топпен жұмыста оқушы өз білім деңгейін бағалайды, білімін жақсартарды, сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылығы оянады, өзін-өзі, бірін-бірі бағалауды үйренеді. Топтық жұмыс жүргізу арқылы байқағаным: оқушылар сабақты өз еріктерімен қажеттілік ретінде танып, белсенділік танытуға тырысып бақты.

Қорыта келгенде, аталмыш бағыттағы жұмыс жүргізуге дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстыру оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Тәжірибе барысында көзім жеткені: оқушылардың топпен жұмыс жүргізу барысында сабақтағы белсенділіктері, шығармашылықты қажет ететін жұмыстарға қызығушылықтары арта бастады.

S00035 14.12.2020

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан ойлау
технологиясын тиімді қолдану**

ЖАНГАЗАНОВА ФАРИДА АБЫЛКАЙЫРОВНА

*Алматы облысы.Кеген ауданы. «С.Босқынбаев атындағы негізгі мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі*

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсартуда бізді ауқымды істер күтіп тұр.» деген болатын. Елдің елдігін сақтап, көркейтетін, өркендететін және болашақты айқындап беретін – білім мен тәрбие беру ісі. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде көптеген жаңалықтар мен өзгерістер өмірге келуде. Заманауи қоғамның өркендеп өсуі білім жүйесінің сапасын жақсартуды, жаңа технологияларды тиімді қолдануды, жаңа формациядағы ұстаздар арқылы еліміздің білім жүйесін халықаралық стандарт деңгейіне жеткізуді мақсат етіп отыр. Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында да білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін ең алдымен мұғалімнің кәсіби біліктілігін арттыру мәселесіне үлкен мән берген. Бұл бағдарламаның міндеті – қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Бағдарлама барысында педагогиканың әртүрлі аспектілері талқыланады.

Әлемдік тәжірибеге негізделе жасалған бұл жоба оқушылардың өз дәлелін еркін жеткізе алатындай, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған оқушы қалыптастыруды мақсат етеді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға, синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау дағдылары: Бақылау. Талдау. Қорытындылау.

Өз тәжірибемде «Оқу мен жазуды сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясының әдіс – тәсілдерін ана тілі, қазақ тілі, дүниетану сабақтарында қолданамын. Тәжірибемде қолданған кейбір тәсілдерге тоқтала кетейін. **Қызығушылықты ояту** кезеңінде бұрынғы білетіні мен жаңа білімді ұштастыруда «Топтау», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау» әдістерін қолданамын. **Мағынаны ашу**– кезеңінде оқушылар жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Сондықтан оқушының өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасаймын. Бұл кезеңде көбіне INSERT әдісін қолданған қолайлы. **Ой толғау**-кезеңінде оқушы не үйренгені саралап, оны қандай жағдайда қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өздігінен үйрену жолына қайта қарап,

өзгерістер еңгізеді. Сабақтың бұл кезеңінде «Еркін жазу әдісі», «Бес жолды өлең», «Венн көрсетуі» т.б осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады.

Белгілі бір мәтінді толық меңгерту, кейіпкерлер бейнесіне талдау жасап, өз ойын жүйелі жеткізе алуға үйрету, өзіндік ой қорыта білу, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін жетілдіру, ой - өрісі мен дүниетанымын кеңейту, сөздік қорларын молайту, кейіпкерлер бойындағы жақсы қасиеттерді үлгі ету мақсат етіп алынды.

Оқушылар үй тапсырмасын «Шеңбер» әдісімен орындады.

"Шеңбер" әдісі бойынша, оқушылар сыртқы шеңбер, ішкі шеңбер болып орналасады. Ішкі шеңбер болып орналасқан оқушылар, сыртқы шеңберге орналасқан оқушыларға сұрақ қоя отырып, диалог жүргізеді немесе сыртқы шеңберде орналасқан оқушылар сұрақ береді. Шеңбер жасап тұрған оқушылар сағат тілі бойынша жүре отырып, барлық оқушымен кездесіп өзара диалогтік қарым-қатынас орнатады. Бұл тәсіл оқушыларды өзара білім алмасуына тиімді және үй тапсырмасын сұрауға, қайталауға арналған тақырыптарды сұрауға таптырмайтын тәсіл деп ойлаймын.

«INSERT» әдісімен мәтінді үш бөлікке бөліп, үш топқа бөліп берілді.

Оқушылар өздері жаңа сабақты оқып, өздері талдап, түсіндіріп, қорғайды.

"Жауапқа сұрақ"әдісіне келетін болсам, "Сұраққа жауап" әдісінен «Жауапқа сұрақ» әдісі әлдеқайда тиімді. Өйткені сұраққа жауап бергеннен гөрі , жауапқа сұрақ тудыру күрделі ойлауды қажет етеді. Сабаққа негіз болатын сөзді жауап ретінде тақтаға жазып қоямын. Оқушылар берілген жауапқа бірнеше сұрақтар тудыру арқылы білімдерін дамытады.




S00036 14.12.2020

Шамалар арасындағы тәуелділік

ШӘРІПБАЙ АҚМАРАЛ НҰРБОЛАТҚЫЗЫ

Алматы облысы.Кеген ауданы. «С.Босқынбаев атындағы негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі

Мұғалімнің аты-жөні:															
Пән/Сынып:		Математика / 3-сынып													
Қай аптаның нешінші сабағы															
Тарау немесе бөлім атауы:		Көбейту және бөлу													
Сабақтың тақырыбы:		Шамалар арасындағы тәуелділік													
Оқу мақсаты:		3.2.3.4. 2 – 3 амалдан тұратын есептерді шығару													
Бағалау критерийі:		Білемін «+», білмеймін «-» белгісін қою.													
Саралап оқыту тапсырмалары															
Ұжымдық жұмыс Жаңа тақырыптың түсіндірілуі		Бірлескен жұмыс (1,2 тапсырма) Тапсырманы ұсыну және дұрыс жауапты ұсыну арқылы үйрету		Жеке жұмыс Тапсырманы ұсыну, оқушылар өз бетімен орындауы											
Уақыты	Кезеңі	Тапсырма		Тапсырманың мақсаты	Бағалау	Ресурстар									
2 минут	Ұйымдас- тыру	Тақырып, мақсаттармен таныстыру		Не меңгеретінін білу үшін		Презентация № 1бет									
13 минут	Жаңа сабақ	Жаңа сабақты цифрлық ресурстар арқылы түсіндіру Кестені ауызша толтыру. <table border="1"><tr><td>Бағасы</td><td>Саны</td><td>Құны</td></tr><tr><td>9 теңге</td><td>3 дана</td><td>27 теңге</td></tr><tr><td>5 теңге</td><td>6</td><td>30</td></tr></table>		Бағасы	Саны	Құны	9 теңге	3 дана	27 теңге	5 теңге	6	30	Жаңа тақырыпты меңгеру	Тапсырманы орындаған оқушыны ауызша	Презентация № 1-2 бет
Бағасы	Саны	Құны													
9 теңге	3 дана	27 теңге													
5 теңге	6	30													

		<table><tr><td></td><td>дана</td><td>теңге</td></tr><tr><td>4 теңге</td><td>6</td><td>24</td></tr><tr><td></td><td>дана</td><td>теңге</td></tr></table> Заттың құнын білу үшін заттың бағасын оның санына көбейту керек. $Қ = б \cdot с$ _____  Сатып алынған заттың санын білу үшін заттың құнын заттың бағасына бөлу керек. $с = Қ : б$  Заттың бағасын білу үшін заттың құнын оның санына бөлу керек. $б = Қ : с$ 		дана	теңге	4 теңге	6	24		дана	теңге		мадақ тау	
	дана	теңге												
4 теңге	6	24												
	дана	теңге												
15 минут	Тәжірибе	1-тапсырма «Дүкен» ойыны Сен дүкенге келдің. Әрбір сатып алынған заттың құнын анықта. Кесте бойынша есеп құрастырыңдар. Жолдастарыңнан оны шығаруды сұра. Бос орындарды толтыр және тексер.	Жаңа тақырыпты тәжірибе арқылы меңгеру	Бағалау критерийлерін ұсыну	Презентация № 3бет									
				Дүкен ойынында заттың құнын таба білдім.										
				Кестеге байланысты есеп құрастырдым										

	<table><tr><td>9 теңгеден 5 дәптер</td><td>45 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 3 хатқалта</td><td>24 тг</td></tr><tr><td>7 теңгеден 4 дәптерқап</td><td>28 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 4 бетбелгі</td><td>32 тг</td></tr><tr><td>8 теңгеден 2 ашықхат</td><td>16 тг</td></tr><tr><td>10 теңгеден 5 өшіргіш</td><td>50 тг</td></tr></table> 2- тапсырма Есепті құрастырып, шартын жазып, Шешуін жазып, сұраққа жауабын жазу. <table><tr><td>Болды</td><td>Сатып алынды</td><td>Қалды</td></tr><tr><td>80 теңге</td><td> 9 теңгеден</td><td>? теңге</td></tr></table> Шарты: Болды- 80 тг Сатып алды- 9 тг-ден 2 (д) Қалды-? тг Шешуі: $80 \text{ тг} - 9 \text{ тг} \times 2 = 62 \text{ тг}$ Жауабы: қалды 62 теңге <table><tr><td>Болды</td><td>Сатып алынды</td><td>Қалды</td></tr><tr><td>70 теңге</td><td> 3 теңгеден</td><td>? теңге</td></tr></table> Шарты Болды- 70 тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-? тг Шешуі: $70 \text{ тг} - 3 \text{ тг} \times 4 = 58 \text{ тг}$ Жауабы: қалды 58 теңге <i>Кері есеп құрастырып көрейік!</i> Кері есеп <table><tr><td>Болды</td><td>Сатып алынды</td><td>Қалды</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table>	9 теңгеден 5 дәптер	45 тг	8 теңгеден 3 хатқалта	24 тг	7 теңгеден 4 дәптерқап	28 тг	8 теңгеден 4 бетбелгі	32 тг	8 теңгеден 2 ашықхат	16 тг	10 теңгеден 5 өшіргіш	50 тг	Болды	Сатып алынды	Қалды	80 теңге	 9 теңгеден	? теңге	Болды	Сатып алынды	Қалды	70 теңге	 3 теңгеден	? теңге	Болды	Сатып алынды	Қалды				Кері есеп құрастыра алдым.	Презентация № 4бет
9 теңгеден 5 дәптер	45 тг																																
8 теңгеден 3 хатқалта	24 тг																																
7 теңгеден 4 дәптерқап	28 тг																																
8 теңгеден 4 бетбелгі	32 тг																																
8 теңгеден 2 ашықхат	16 тг																																
10 теңгеден 5 өшіргіш	50 тг																																
Болды	Сатып алынды	Қалды																															
80 теңге	 9 теңгеден	? теңге																															
Болды	Сатып алынды	Қалды																															
70 теңге	 3 теңгеден	? теңге																															
Болды	Сатып алынды	Қалды																															

		? теңге  3 теңгеден 58 теңге Болды- ? тг Сатып алды- 3 тг-ден 2 (қ) Қалды-58 тг Шешуі: $3 \text{ тг} \times 4 + 58 \text{ тг} = 70 \text{ тг}$ Жауабы: болды 70 теңге Дескриптор: Есептеудің ауызша және жазбаша тәсілдерін пайдалана отырып, қосу және азайту амалдарын орындау біліктері, безендіру, түсініктеме беру, дәлелдеу, оқу тапсырмаларын шешуде болжамдар айту			
5 минут	Қосымша тапсырма	1. Көбейтудің мәнін қосу амалы арқылы тап. $2 * 2$ $3 * 2$ $2 + 2$ $3 + 3$ $2 * 20$ $30 * 2$ $20 + 20$ $30 + 30$ 2. Өрнектің мәнін тап. $(85 - 85) * 18$ $(100 - 99) * 32$ $(25 + 49) * 0$ $(80 - 79) * 100$ 3. Есепті шығар. Әрқайсысы 3 килограмнан 6 банка қияр тұздалды. Барлығы неше килограмм қияр тұздалды?	Бүгінгі тақырыпты қаншалықты деңгейде меңгергендерін тексеру	10 балдық жүйемен бағалау Күнделік кз	

		<u>Дескриптор:</u> Берілген қосымша тапсырмаларды өз бетінше орындайды			
3 минут	Бекіту	Жеке тапсырма ұсыну 500 теңгеге не сатып ала аласың? 1) Торт, йогурт және шоколад. Иә Жоқ 2) Торт, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ 3) Торт, пирожное, «Чупа Чупс» және батон кәмпит. Иә Жоқ 4) Йогурт, батон кәмпит және шырын. Иә Жоқ 5) Йогурт, шоколад, шырын және торт. Иә Жоқ 6) Йогурт, батон кәмпит, шырын және «Чупа Чупс» Иә Жоқ	Тақырыпты меңгергенін анықтау	Бағалау критерийлерін ұсыну 500 теңгеге сатып ала алатын нұсқаны дұрыс белгіледім.	Презентация № 5 бет
2 минут	Кері байланыс	"Ауа райы" әдісі	Бүгінгі сабаққа кері байланыс орнату		

S00037 14.12.2020

**Қазақ тілі мен әдебиет пәнін оқытуда
жеке тұлғаның танымдық қызметін дамыту жолдары**

ЧОКАНТАЕВА ДИНАРА НҰРБОЛҚЫЗЫ

*Алматы облысы.Кеген ауданы. «С.Босқынбаев атындағы
негізгі мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде, оқу процесінде өркениетті қоғам мен құқылы мемлекеттің, нарықты экономика кезеңінің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігі мен білімділігін керек ететіні белгілі.

Қазіргі таңда біздердің, қазақ тілі мұғалімдерінің, мойындарында ауыр жүк жатыр-өскелең ұрпақты жоғарыдағыдай талаптарға сәйкестендіру. Қазақ тілі мен әдебиет сабақтары балаға белгілі бір білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, яғни сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді.

Осы орайда егеменді еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалынып жатқан талпыныстар оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Демек, мектептегі оқыту үрдісі оқушының танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық әрекеттерін дамытуына жол ашуы қажет.

«Танымдық қызығушылық» жөніндегі ой-пікірлер қазіргі кездегі педагогикалық теориялар мен тәжірибелердің ашқан жаңалығы емес. Оның негізі философиялық және педагогикалық ілімдерінде жатыр. Мен өз жұмысымда Сократ, Платон, Әл-Фараби еңбектерінен бастау алып, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш. Құдайбердиев, Л.В. Занков, Л.И. Божович т.б. психолог-ғалымдардың еңбектерін басшылыққа алдым. Соның негізінде, танымдық қызығушылықты арттыру мақсатында сабақтарды жаңа технологиямен ұйымдастыру мүмкіндіктері қарастырылды.

Оқытушының жұмысты шығармашылықпен ойлауы, оны ұйымдастыра білуі, танымдық іс-әрекет түрлерін таңдап, оны жоспарлай білуі, ізденімпаздығын арттыру қазіргі кездегі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Оқытушы қызметінің мәні жас буынның санаткерлік, адамгершілік және дене күштері мен қабілеттерінің үйлесімді дамуының талаптарымен анықталатын білім мазмұны шеңберіндегі шәкірттің оқу-танымдық іс-әрекетін басқару болып табылады.

Оқытушының басқару іс-әрекеті өзінің және оқушының іс-әрекеттерін жоспарлаудан, осы іс-әрекеттерді ұйымдастырудан, оқыту сапасын талдаудан, оқушының жеке тұлғалық дамуын болжаудан т.б. тұрады. Оқытушы өз қызметін шебер ұйымдастыра отырып, оқушының да танымдық іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлап, оны оңтайлы ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін үйретеді.

Менің бірінші сабақтарымнан, оқушыларды бақылауымнан кейбір оқушыларға қазақ тілін үйрену қиын да қызықсыз екенін аңғардым: пәнге деген қызығушылық жоқ екені жиі кешігуден, сабаққа дайын болмағаннан, үй жұмысын орындамағаннан, сабақта белсенділік танытпағандарынан байқалды. Тілге деген қызығушылықтарын, сабақтың тиімділігін дамыту керек болды. Ал оқытылған материалға деген танымдық қызығушылықты арттыру үшін тақырыпты оқытудағы әдіс-тәсілдердің, инновациялық технологиялардың орны ерекше.

Сондықтан мен әрбір сабақтың мақсатын қоюдан бастап тақырыпты түсіндірудің әдіс-тәсілдерін жақсылап ойластырамын. Сабақты балаларға соғұрлым қызықты етіп беруге тырысамын. Мәселен, тақырыпты қайтала не бекіту мақсатында «Кірпіш» ойынын пайдаланам. Осы ойында отырған балалар қатысушы 3-4 оқушыға кезек-кезек сұрақтар қояды, ал қатысушылар сол сұрақтарға соғұрлым тез жауап береді де бір кірпіштің өлемінен алға жылжиды. Мәреге бірінші келген оқушы жеңімпаз атанады. Бұл ойынның жағымды жақтары өте көп: оқушылардың барлығы қатысады, ауызекі сөйлеу тілі, ойлау қабілеттері дамиды, білім негіздерін жаңғартады, танымдық қызығушылықтары артады (ойнау).

Сондай-ақ тіл дамыту уақытында әртүрлі әліпбилік жұмбақтар жасыру өте тиімді. Оқушыларды төл дыбыстарды дұрыс айтуға, төл дыбыстары бар сөздерді есте сақтап дұрыс жазуға дағдыландырады.

Мен өзімнің тәжірибемде оқушыларымның танымдық деңгейлерін арттыру мақсатында әртүрлі жаңа технологиялардың элементтерін қолдану арқылы көп болмаса да, бірақ жетістіктерге жеттім. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігі деп осыны айт. Осыған орай менің пән бойынша мәселем де: «Қазақ тілін оқыту барысында инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық деңгейін дамыту» деп аталады.

Оқушының танымдық деңгейін дамытудың үш факторы бар, бұл- мектеп, қоғам, отбасы. Баланың оқушы кезіндегі танымының дамуына, біздің, мектеп өкілдерінің қызметі орасан зор. Сондықтан сабақ бергенде түбінде оқушыларымыз терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлға болып даму үшін оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда мен өз тәжірибемнен жаңашыл мұғалімдерге мынандай негізгі ұстанымдарды атағым келеді:

Сонымен, мұғалім білімді болса, білімге оқытқан уақытта тиімді әдіс-

тәсілдерді қолданылса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі, қазіргі заманға бәсекеге қабілетті білім беретін жаңа мектепке керегі-білімді, жан-жақты, басқаға үлгі болатын жаңашыл ұстаз. Міне, Елбасымыздың «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз» деген мақсатты жүзеге асыру үшін ауылға маман болып келген мен өзімді жаңашыл ұстаз деп есептеймін.

S00038 14.12.2020

**А.Байтұрсынов.Балықшы мен балық
Әдебиеттік оқу (Ертегі**

БУРУНБАЕВА ГАУКАР КЕНЖЕБЕКОВНА

*Алматы қаласы Алатау ауданы Шаңырақ ықшам ауданының
№26 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі*

Сабақтың мақсаттары: 1)Оқушыларды А.Байтұрсыновтың «Балықшы мен балық» ертегісінің мазмұнымен таныстыру.

2) Оқушылардың оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауын,есте сақтау,салыстыру,шығармашылық қабілеттерін дамыту.

3) Жақсы мен жаманды ажырата білуге,әр нәрсенің қанағаты болатынын ұқтыру,адамгершілікке тәрбиелеу.

Сабақтың әдіс – тәсілі: Сын тұрғысынан ойлауды дамыту стратегиялары

Стратегиялар: автор орындығы,екі түрлі түсініктеме күнделігі,венн салыстыруы

Түрі: Ертегі сабақ

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту

Сабақтың барысы

I.Ұйымдастыру кезең.Психологиялық дайындық.

Жақсы бала еңбекшіл

Ер азамат болады.

Қиындықты жеңіп кіл,

Құшағы гүлге толады.

Еңбекшіл осындай,

Болайықшы досым – ай.

- Оқушылардың назарын сабаққа аудару.

-Бүгін бізде ертегілер елі қонақта.Олай болса,балалар,ертегілер елінде болатын «Ертегі сабағымызға» қош келдіңіздер!

- Балалар, «Алтын балық » туралы ертегі тыңдағыларың келе ме ?

Ертеде өте кедей балықшы бала болыпты.Ол ұстаған балығын тамақ қылып өзінің еңбегімен күнелткен екен.

Бірақ соңғы уақыттарда оның құрған торына ешқандай балық түспей бала әбден қиналған екен. Бір күні баланың құрған торына анау – мынау емес алтын балық түсіпті. Бала қатты қуанып балықты қуырып жемекші болғанда алтын балық: ей, балақай егер мені босатсаң мен саған күнде таңертең бір сыйлық жасап тұратын боламын деп сөйлеп қоя беріпті. Қарны аш бала балықты босатқысы келмейті. Сонда балық: ол жай ғана сыйлық емес. Сыйлықтар сені бар бақытыңа жеткізетін болады. Ол үшін сен тапсырмалар орындап отыруың қажет – дейді. Бала әрі ойланып, бері ойланып балықтың қойған шартына көніпті. Таңертең ұйқысынан тұрған бала есіктің алдында құлыптаулы сандықты көреді. Оның іші толған ақша еді. Сандық ашылу үшін мынандай тапсырма бар екен: «Оқу мен еңбек - егіз» дегенді қалай түсінесің?

- Кәне, балалар, балықшы балаға кім көмектесе алар екен? (оқушылардың жауабы тыңдалады)

- Өте жақсы жауап беріп балаға көмектескендеріңе рахмет.

Келесі күні есіктің алдында сыртында суреті бар үлкен кітап (кітап, мұқабасында А. Байтұрсыновтың суреті) тұрады. Егер бұл кітаптың тапсырмасы орындалса, бала білімді болады екен. Оқу, білім, еңбек адамды бар бақытқа жеткізеді.

Тапсырма: Кітаптың сыртындағы суреттегі кім? Және оның «Оқуға шақыру» өлеңін жатқа айтып бер. (Оқушылардың жауабы тыңдалады.) Мұғалімнің қосымша түсіндірмесі: А. Байтұрсынов 1872 – 1937 жылдары өмір сүрген. Қоғам қайраткері, ақын, лингвистік аудармашы, ағартушы ғалым, ұлт ұстазы. Қазақ тілінде тұңғыш Әліппені жазған. Балаларға арнап та бірнеше өлеңдер жазған. Бұл жолы да балықшы балаға жақсы көмектестіңдер. Осылай күнде сыйлық алған балықшы бала бақша мұратына жетіпті.

Бүгін А. Байтұрсыновтың: «Балықшы мен балық» ертегісімен таныс боламыз.

- Ертегі – қиял мен арманға негізделген шығарма. Ертегілер әңгіме, өлең түрінде айтылады, жазылады. Онда халықтың арманы, әдет – ғұрпы, мұңы баяндалады.

III. Жаңа сабақ.

1. Қызығушылықтарын туғызу.

Бүгінгі біздің сабағымыздың ой ашары: «Азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың». Сөйлемнің мағынасын түсіндіру.

Қазір мына суретке назар аударыңдар.

Сурет балықшы мен балық жайында. Сондықтан әр топқа тапсырма беріледі. Стратегия: «Автор орындығы».

Әр топтап бір оқушы автор орындығына келіп құрастырған ертегісін айтып береді.

I – топ: Суретке қарап өз ойынан ертегі құрастырып айтады.

II – топ: «Егер мен балықшы болсам...»

III – топ: «Егер мен балық болсам...»

IV – топ: Осы тақырыпқа сәйкес келетін сурет салады.

Әр топтан келісіп бір оқушы шығып, өз тақырыптарын қорғайды.

2. Мағынаны тану.

1. Ертегінің мазмұнын айтып беру.

- Бұл ертегі сендердің құрастырған ертегілеріңе ұқсай ма? Мәтінде не туралы айтылған?

- Балықшы балықтың айтқанымен неге келіспеді?

- Сен балықшының орнында болсаң не істер едің?

«Көп пайдадан дәметіп, аз пайдадан айырылу ақылдының ісі емес» - деген сөйлемнің мағынасын қалай түсінесіңдер?

- Балықшы бала туралы айтылған ертегіден айырмашылығы неде?

2. Венн диаграмасын құрайық. Екі ертегіні салыстырайық

алтын балық ортақ қасиеті балықшы мен балық

- «Балықшы мен балық» ертегісінің негізгі идеясы, автордың айтатынын деген ойы не деп ойлайсыңдар?

3. Ой толғаныс: «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» стратегиясын пайдалану. Яғни балықшы мен балықтың іс - әрекетіне байланысты. Оқушылар вертикаль сызықпен бөлінген бөліктің оң жағына мәтінді оқу барысында қатты әсер еткен тұстарды жазады.

Қатты әсер етті	пікірім
-----------------	---------

Бөліктің сол жағына: сол әсер еткен үзінділер жайлы пікір жазады.

Күнделікті толтырып біткен соң жұпта, топта талқылау ұйымдастырылады.

Топтан бір оқушы шығып жауабы тыңдалады.

IV. Мәтінді мәнерлеп рөлге бөліп оқиды.

V. Үйге тапсырма: Еркін жазу: ертегі құрастырып келу.

VI. Оқушыларды бағалау.

VII. Сабақты қорытындылау.

МАЗМҰНЫ

- ЕСЕНГАЛИЕВА ЖАЙНАГУЛЬ САПАЕВНА
- ШУЛЬКЕНОВА АЛМАГУЛЬ КАИРБЕКОВНА
- КОКАНОВА ГУЛЬНАР НАСИПКАЛИЕВНА
- *АЛДИБЕКОВА НАЗИРА ДУЙСЕНОВНА*
- *АМЗЕЕВА АЛТЫНШАШ ҚАЛДЫБАЙҚЫЗЫ*
- ҚОЛҒАНАТОВА АҚМАРАЛ НҰРЛАНҚЫЗЫ
- БЕРДИЕВ НҰРҒИСА ДАТҰЛЫ
- КОПБАЕВА ЖАНАР ОРАЗАЛИЕВНА
- ДУЙСЕБАЕВА РЫСАЛДЫ ЖАКЫПБЕКОВНА
- ЖАНГАЗАНОВА ФАРИДА АБЫЛКАЙЫРОВНА
- ШӘРІПБАЙ АҚМАРАЛ НҰРБОЛАТҚЫЗЫ
- ЧОКАНТАЕВА ДИНАРА НҰРБОЛҚЫЗЫ
- БУРУНБАЕВА ГАУКАР КЕНЖЕБЕКОВНА